

**"Облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау қағидаларын бекіту туралы
" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 24
желтоқсандағы № 457 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 24 қантардағы № 23 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 25 қантарда № 31769 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 457 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19753 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау тәртібін айқындайды.";

2-тармақта:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) агроОнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – жұмыс органдары) – агроОнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

"2) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесі – белгілі бір уақыт кезінде әмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқық ұстаушыларды сәйкестендіруді, бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеуді қамтамасыз ететін эмитент, әмиссиялық

бағалы қағаздар және оларды ұстаушылар туралы мәліметтердің жиынтығы, сондай-ақ осы бағалы қағаздар бойынша айналымға немесе құқықтарды жүзеге асыруға арналып тіркелген шектеулердің сипаты және "Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2018 жылғы 29 қазандығы № 249 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17803 болып тіркелген) сәйкес өзге де мәліметтер;";

3) тармақша алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) қор биржасы – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, дауыс беретін акцияларының жалпы санының кемінде жиырма бес пайызы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне тиесілі, осы сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелерін пайдалана отырып, оларды тікелей жүргізу арқылы сауда-саттықты ұйымдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға;";

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) эмитент – эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын тұлға.";

26-тармақ алып тасталсын;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы бұйрыққа қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қаржылық құралдар және микрокредит беру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

E. Карашукеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

2023 жылғы 24 қантардағы

№ 23 бұйрығына

қосымша

Облигациялар бойынша

купондық сыйақыны

субсидиялау қағидаларына

3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға

арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне

Әкімшілік деректер нысаны www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Облигациялар бойынша купондық сыйақы субсидияларының нақты пайдаланылуы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: № ФИСКВ-1 бойынша нысан

Кезеңділігі: жыл сайын

Есепті кезең: 20__ жыл

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: эмитент

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: тиісті жылдың 1 (бірінші) желтоқсанына дейін

Эмитент тің атауы	Бизнес-сәйкестендіру номірі	Облигациялар проспекті (халықаралық сәйкестендіру номірі (номері ұлттық	Облигациялар айналысының бүкіл мерзімінде	Барлық аударылған субсидиялар, теңге	Ауытқу (+, -) (+) артық төлеу, (-) жетіспеушілік, теңге	Пайдаланылмаған субсидиялардың қайтару (нақты), теңге	Банктік шоттарда жатқан субсидиялар қалдығы, теңге
		сомасы	көзделген субсиди		Барлығы	Барлығы	

		сәйкесте ндіру нөмірі))	ялардың барлығы , теңге	Есептік кезең үшін	Есептік кезең үшін					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жиыны:										

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

(аты және әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

Есеп тапсырылған күн 20 ____ жылғы "____"

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған "Облигациялар
бойынша купондық сыйақы
субсидияларының нақты
пайдаланылуы туралы есеп"
нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Облигациялар бойынша купондық сыйақы субсидияларының нақты пайдаланылуы туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Облигациялар бойынша купондық сыйақы субсидияларының нақты пайдаланылуы туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірынғай талаптарды айқындауды.
2. Нысанды эмитент толтырады.
3. Нысанға басшы не оның міндетін атқарушы адам қол қояды.
4. Нысанды Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне жыл сайын тиісті жылдың 1 желтоқсанына дейін эмитент ұсынады.
5. Нысан қазақ немесе орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Есептің 1-бағанында эмитенттің атауы көрсетіледі.
7. 2-бағанда бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
8. 3-бағанда облигациялар проспектісі (халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ұлттық сәйкестендіру нөмірі) көрсетіледі.
9. 4-бағанда облигациялық қарыз сомасы көрсетіледі.
10. 5-бағанда облигациялар айналысының бүкіл мерзіміне, бүкіл кезеңге және есепті кезеңге көзделген субсидиялар теңгемен көрсетіледі.
11. 6 және 7-бағандарда бүкіл кезеңде және есепті кезеңде аударылған субсидиялар теңгемен көрсетіледі.

12. 8 және 9-бағандарда барлық кезеңдегі және есепті кезеңдегі ауытқулар (артық төлеу, жетіспеушілік) теңгемен көрсетіледі.
13. 10-бағанда пайдаланылмаған субсидиялардың қайтарылғаны (накты) теңгемен көрсетіледі.
14. 11-бағанда банктік шотта жатқан субсидиялар қалдығы теңгемен көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК